

"Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 19 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 2000 жылғы 15 наурыз N 68 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 5 көкекте тіркелді. Тіркеу N 1102. Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 175 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 15 наурыздағы N 68 Қаулысының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 175 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан жағдаяттарға байланысты Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық - комиссия" деп аталады)

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 17 наурызда 707 V980707_ нөмірмен тіркелген "Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 19 қаулысына ("Рынок және құқық". "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 1999 ж., N 3(4), 7-бет) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап бір жылдан кейін" деген сөздер "2001 жылдың 01 қаңтарынан бастап" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан қор биржасы ЖАҚ-ы өзінің Ішкі құжаттарын (олар жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидаларының 1-тармағының 2) тармақшасында айқындалған) осы Қаулыға сәйкес келтіруге міндеттелсін.

3. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті, бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның және бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздармен сауда саттықты ұйымдастырушы қызметін жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның төрағасы